ҚҰРМЕТТІ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Өскемен қаласы әкімінің аппараты «Өскемен қаласы әкімінің 2025 жылғы 18 қарашадағы № 2 «Өскемен қаласы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Өскемен қаласының әкімі шешімінің жобасын әзірледі.

Осы шешімді қабылдаудың негізгі мақсаты қаланың сайлау учаскелері туралы деректерді өзектендіру болып табылады. Өзгерістер сайлау учаскелері шекараларының сипаттамасын нақты тұрғын үй қорына және жаңа құрылыстарға сәйкес келтіруге, сондай-ақ қала тұрғындарының сайлау процестеріне қатысуы үшін барынша қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Шешім жобасының толық мәтінімен Өскемен қаласы әкімдігінің сайты арқылы «Құжаттар» бөлімінде танысуға болады.

#МӘДЕНИЕТ

Өлкетану музейінде 188 мыңнан астам жәдігер сақтаулы

✎ **Ержан ӘБІШ**

1915 жылы іргесі қаланған Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі – еліміздегі ең көне мұражайлардың бірі. Ғасырдан астам уақыт ішінде бұл мекеме Шығыс өңірінің табиғаты мен тарихын қамтитын аса бай қор қалыптастырып, ғылыми-танымдық орталық ретінде танылды.

Бүгінде музей қорында 188 832 жәдігер сақтаулы. Археологиялық, этнографиялық және тарихи топтамалардың молдығы өңір тарихының көне дәуірден бүгінге дейінгі кезеңдерін жан-жақты танытуға мүмкіндік береді. Музей экспозицияларының мазмұны кең. Табиғат, ежелгі тарих, қолданбалы өнер, қала мәдениеті мен екінші дүниежүзілік соғыс залдары келушілерге ұмытылмас әсер қалдырады. Әсіресе, «Ұлы дала алтыны» экспозициясы – музейдің ең көрнекті бөлімі. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған алтын бұйымдар мен бірегей жәдігерлер қазақ даласының қайталанбас өркениетін айшықтайды. Бұл экспозиция елімізде ғана емес, шет мемлекеттерде де жоғары бағаланды.

Соңғы кездері музей мазмұндық тұрғыдан жаңа жобалармен толығып отыр. Соның бірі – Абайға арналған экспозиция. Бұл көрме арқылы Абайдың өмірі мен шығармашылығы, тағылымдық мұрасы кеңінен насихатталды. Сонымен қатар жастарға арналған танымдық кездесулер, әдеби кештер мен сабақтар ұйымдастырылып, ақын мұрасы жаңа қырынан таныстылды.

– «Жеңіс жалындарынан өрілген тарих» атты экспозицияда соғыс жылдарындағы өңір тұрғындарының ерлігін, тылдағы еңбегін тарихи құжаттар арқылы жан-жақты көрсетуге тырыстық. Бұл жоба патриоттық тәрбие мен тарихи жадыны жаңғыртуға бағытталған. Сондай-ақ Қазақхандығына арналған тарихи экспозиция жасақтадық. Онда хандық дәуірдің саяси құрылымы, мәдениеті қамтылды. Жалпы музейіміздің ерекше тұсы – археологиялық зерттеулер негізінде жасалған тарихи реконструкциялар. Солардың бірі – тақта отырған қаған бейнесі. Бұл бірегей туынды келушілерге ежелгі дәуір билеушілерінің келбетін көзбен көріп, сол кезеңнің рухын сезінуге мүмкіндік береді, – дейді музей қызметкері Альфия Бақбаева.

Музейдің тағы бір басым бағыты – жұртшылықпен байланыс. Мұнда «Таза Қазақстан» акциясы аясында бірқатар экологиялық-мәдени шаралар өткізілді. Яғни, музей тарихи бағытпен шектелмей, қоғамдық сана мен мәдени жауапкершілікті қалыптастыруға да үлес қосып отыр. Халықаралық музейлер күніне орайластырылатын «Музей түні» акциясы да ерекше форматта өтіп тұрады. Сол түні интерактивті экскурсиялар, театрландырылған қойылымдар, шеберлік сағаттары, мәдени бағдарламалар ұсынылды. Бұл шаралар музейді жаңа қырынан танытып, келушілердің қызығушылығын арттыруда.

Жуырда музей «Ұлы дала алтыны» көрмесін Семейдегі Невзоровтар отбасы мұражайында таныстырды. Онда Берел, Елеке сазы секілді археологиялық ескерткіштерден табылған алтын бұйымдар ұсынылды.

Цифрларға үңілсек, былтырдың өзінде музейде 88 іс-шара, 47 дәріс, 2226 экскурсия өткізіліп, келушілер саны 140 мыңға жетіпті. Бұл көрсеткіштер халық сұранысының жоғары екенін айқындайды.

Енді цифрландыру мен жаңа технологияларға басымдық берілмек. Биыл цифрландыру үдерісін жандандыру, жасанды интеллект элементтерін енгізу, интерактивті экспозициялар мен аудио-бейне гидтерді дамыту көзделіп отыр. Бұл бастамалар музейді заманауи мәдени кеңістікке айналдырып, келушілерге тарихи мұраны жаңа форматта таныстырмақ.

Расында да Өскемендегі өлкетану музейі – өңіріміздің өткені мен бүгінін тоғыстырған рухани орда. Мұндағы қызметкерлер өздерінің күнделікті әрі жүйелі қызметі арқылы ұлттық тарихты сақтау мен насихаттауға мол үлестерін қосып келеді.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Шығыс Қазақстан облысы, Загородный ауылы, Машиностроителей, 11/19 үйде орналасқан **«Тулпар ВКО» ЖШС** 2026 жылы 1 маусымда сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Загородный ауылының Машиностроителей, 11/19 үйде орналасқан асфальт-бетон зауыты үшін 2026-2035 жылдарға қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары (НШШ, ҚБЖ, ӨЭБ, ҚОҚШЖ, ҚМЖ) бойынша ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өткізеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады.

Қоғамдық тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы онлайн режимінде қосылуға болады

https://us05web.zoom.us/j/8065982453?pwd=boxeT07SPTa79hA3yL1cqq5hcDCczz.1&omn=83195796091

Конференция коды: 806 598 2453

Қол жеткізу коды: 6Xg47H

Жобаға тапсырыс беруші: «Тулпар ВКО» ЖШС, БСН 160640003384, тел. +7(702)864-44-64. Кәсіпорынның заңды мекенжайы: 070000, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 99/10 ғим., 11.

Әкімшілік жағынан ұсақтау сұрыптау қондырғысы және асфальт-бетон зауыты Шығыс Қазақстан облысы, Бажов көшесі, 99/10 ғим., 11 орналасады.

Әсер ету аймағы географиялық координаттар: 1) 50°01'28.5» с.е., 82°39'15.9» ш.б.; 2) 50°01'29.7» с.е., 82°39'05.1» ш.б.; 3) 50°01'33.4» с.е., 82°39'05.7» ш.б.; 4) 50°01'34.2» с.е., 82°39'09.0» ш.б.; 5) 50°01'29.9» с.е., 82°39'17.4» ш.б.

Жобаны әзірлеуші: «Альянс-Экология» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Виноградов көшесі, 9, тел. 8(7232)753121, БСН 150440029379, e-mail: alliance-ecology2015@bk.ru, байланысушы тұлға: Дамир Галымович, 8(705)498-41-08.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, e-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz, тел. 8(7232)257320.

Жоба бойынша құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында орналастырылған https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Жоба материалдарымен қағаз жүзінде осы мекенжай бойынша танысуға болады: Шығыс Қазақстан облысы, Загородный ауылы, Машиностроителей, 11/19 үй.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: oblshygyszhol@mail.ru, alliance-ecology2015@bk.ru8(705)498-41-08.

ҚҰТТЫҚТАУ

Қасиетті Зайсан топырағында небір білімді, білікті, дана азаматтар өсіп-өніп, халыққа адал қызмет көрсетіп келеді. Солардың бірі және бірегейі – **Зайнулдин Серік Зинабекұлы**.

Зайсан ауданының әкімі болып қызмет атқарған жылдарда Серік Зинабекұлы ауданның көркеюіне, халықтың әл-ауқатын жақсартуға көп еңбек сіңірді.

Басшылық қызметінде даналық пен табандылық танытып, халықтың игілігі жолында зор үлес қосты. Алдағы өміріне зор денсаулық, абырой мен бақ-береке тілеймін, Азаматым.

Тілек білдіруші: Зайсан ауданы Тасбастау ауылының тұрғыны, тыл ардагері Сіләмбек Хамитов

ВАКАНСИЯЛАР

Өскемен қаласы
«Казцинк-Теміртранс» ЖШС Өскемен цехына:
- жылжымалы құрамды жөндеу слесары;
- тепловоз машинисі;
- пойыз құрастырушы;
- электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер;
- вагондарды қарап тексеруші-жөндеуші
- құрылысшы-инженер қажет.

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-27-91, 29-14-83, түйіндемені Yelena.Bobrova@kazzinc.com, Albina.Artamonova@kazzinc.com эл. мекенжайына жіберу керек.

Риддер қаласы
«Казцинк-Теміртранс» ЖШС Риддер цехына:
- 5 бірлік пойыз құрастырушы;
- 2 бірлік жол монтері;
- тепловоз машинисі қажет.

Байланыс деректері: 8 (72336) 2-76-54, +7-771-095-20-47, түйіндемені Риддер қ. Горноспасательная к-сі, 23 мекенжайына әкелу немесе Olga.V.Medvedeva@kazzinc.com эл. мекенжайына жіберу керек.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-228
ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА: MARKETING@ALTAINEWS.KZ

САТАМЫН

3 бөлмелі үй сатылады, жер телімі – 6 сотық (жалпы ауданы 58,7 ш.м.). Дәретхана мен жуынатын бөлме бөлек, жеке жылу торабы бар, жөндеу жұмыстары жасалған. Бағасы – 23 500 000 теңге. Мекенжайы: Малдыбаев көшесі, 75. Тел.: 8-701-524-66-21.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ ШҚО, Өскемен қаласы, Оралхан Бөкей көшесі 31, 7 пәтер мекенжайында тұрған **Тундукбаев Серикжан Нуркушевич** (туған жылы 06.12.1956) 06.01.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде нотариус А.М.Шакеноваға ШҚО, Өскемен қаласы, Қаныш Сәтпаев даңғылы, 4 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 61-23-39.

■ **Окасова Гульбараш Куандыковна** (туған жылы 26.09.1951) 06.11.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 11.05.2026 жылға дейін нотариус Ж.Б.Нурмухамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қ.Қайсенов кенті, З.Ахметов көшесі, ғимарат 3 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.

■ **Мусаханов Слямбек Сеилканович** (туған жылы 05.12.1939) 28.06.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап нотариус К.К.Аманжоловқа ШҚО, Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылы, А.Крахмаль көшесі, 67 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 8-777-296-58-76.

■ **Самарқан Есімхан Ерікұлы** (туған жылы 14.01.1990) 17.11.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап алты ай ішінде нотариус Г.С.Сатбаеваға ШҚО, Өскемен қаласы, А.Чехов көшесі, 35, 202 кеңсе мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел. 8-777-267-48-61.

■ ШҚО, Өскемен қаласы, Ахмер ауылы, К.Байсеитова көшесі, №84/1 мекенжайында тұрған **Абенова Газиза Бакытбековна** (туған жылы 02.11.1989) 10.12.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде нотариус И.Е.Смаиловаға ШҚО, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 35/2 мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 8-705-527-48-52.

■ **Бауыржанова Дина Муратаевна** 08.04.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 08.10.2026 жылға дейін нотариус Н.Н.Нурсадықовқа ШҚО, Күршім ауданы, Күршім ауылы, Ибежанов көшесі, 16 үй мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 8-701-594-25-99.